

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<b>I. Шаруашылық іс-әрекеттеріндегі салықтардың экономикалық маңызы</b>	
1.1. Салықтардың пайда болу тарихы.....	6
1.2. Шаруашылық іс-әрекеттеріндегі салықтардың экономикалық мәні және маңызы.....	10
1.3. Шаруашылық іс-әрекеттерін реттеудегі Қазақстан Республикасының салық саясаты.....	18
<b>II. Шаруашылық іс-әрекеттерін реттеудегі салық жеңілдіктері</b>	
2.1. Шаруашылық іс-әрекеттерін реттеудегі салық объектісі және салық салынбайтын айналым.....	26
2.2. Шаруашылық іс-әрекеттеріне салынатын салық ставкасы және жеңілдіктері.....	41
2.3. Шаруашылық іс-әрекеттеріне салынатын салық есебінің құжаттамасын жасау және сақтау.....	47
<b>III. Жергілікті бюджеттің кірісіндегі салықтардың үлесі және шаруашылық іс-әрекетін реттеудегі ролі және арттыру жолдары</b>	
3.1. Жергілікті бюджеттің кірісіндегі салықтардың үлесі.....	55
3.2. Шаруашылық іс-әрекетін реттеудегі салықтардың ролі және арттыру жолдары.....	60
<b>Қорытынды.....</b>	<b>68</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер.....</b>	<b>71</b>

Кіріспе

Салықтың мәні мынада: салық, салық төлеушіге мемлекет тарапынан көрсетілген қызмет көрсетуінен түскен пайдаға пропорционалды болуы тиіс. Екіншіден, салықтың мәні салық табыс мөлшеріне байланысты. Мемлекет салықтардың экономикасы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Сонымен салықтардың қажеттілігін қоғамдық дамудың жағдайына байланысты анықталып отырады.

Нарықтық экономика жағдайында салық саясатының негізгі бағыты немесе салық саясатының басты мақсаты- салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіншілік беретін салық механизмін іске асыру.

Салық жүйесі- өзінің құрамы жағынан бірнеше компоненттерден тұратын күрделі модель.

Салық жүйесі компоненттерінің құрамы мынадай: қаржы қатынастары және осы қатынасты анықтайтын салықтар; салық механизмі, яғни салық салу әдістері мен жолдары; нұсқаулар мен әдістемелік құжаттар; салық салуды басқару және салық қызметі органдары. Салық салудың әдістері мен жолдары, нұсқаулар мен әдістемелік құжаттар, салық салуды басқару және салық қызметі органдары. Салық салудың әдістері мен жолдары, нұсқаулар мен әдістемелік құжаттар, салық салуды ұйымдастыру, салық салудың негізгі принциптері және тағы басқалар салық механизміне жатады. Салық жүйесінің жақсыда, тиімді қызмет істеуіне салық салу механизміннің еңгізер ықпалы өте зор.

Қазақстан Республикасы бюджетінің қалыптасуында маңызды орынды салық түсімдері алады.

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-әрекеттегі қызметкерлер мен жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық қорғалуы, еліміздің қорғаныс қызметіндегі іш-шаралардың жүзеге асырылуы осы экономикалық категория ретінде көрінетін бюджетке байланысты. Яғни, салықтың атқаратын ролі жоғары. Бұл мәнің тақырыбымының маңыздылығын ашады.

Құрстық жұмысым екі бөліммен қарастырылған. Бірінші бөлімде салықтың пайда борлу тарихы, экономикалық мазмұны, екінші бөлімде есептеу әдістері мен шаруашылық іс-әрекетіндегі салық ставкасы және құжаттау қарастырылды.

**I. Шаруашылық іс-әрекеттеріндегі салықтардың экономикалық**

## мазмұны

### 1.1. Салықтардың пайда болу тарихы

Жалпы алғашқы салықтардың пайда болуының күнін анықтау мүмкін емес. Салықтардың прототипі адамзат қоғамымен басқарудың ең алғашқы формаларымен бірге пайда болған.

Алғашқы қауымдастықтың өзінде, қоршаған ортаның қатаң шарттарына амалсыз бейімделуге, сыртқы жаудан қорғау үшін, сонымен қатар асаршылық жағдайға азық-түлік қоғамдық запастарын сақтау үшін, бірнеше адамдардың қолдауын түсінген.

Осыдан келіп, мынаны айтуға болады, салықтардың алғашқы пайда болуына қоғамның осы немесе басқа да қызығушылықтардың қанағаттандырылуының ұжымдық тұтынуы болды. Байлар өздерін адал әрі байыту үшін кедейлерден салықтарды ұстайтынын ұмытпау керек. Бұл түрде салықтар ұзақ уақыт бойы әрекет етті және де қоғам бұны объективті қажеттілік ретінде түсінді.

Тек XV ғасырдан бастап қана, ғылымдар ақшалай қатынастар жүйесін, сонымен қатар мемлекеттің экономикалық негізі мен экономикалық функцияларын зерттей бастағаннан кейін, салықтардың қайта маңыздылығының алғашқы әрекеттері пайда болды.

Салықтар мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, еркендеуі қашан да болса оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады.

Салықтардың даму тарихын мыңжылдықтармен өлшеуге болады. Салықтардың ең алғаш пайда болуы - мемлекет пен қоғамның әр түрін властарға бөлінуімен бірге пайда болды. Салық салудың қалыптаты теориялық негіздерінің пайда болу тарихы көне ғылым түріне жатпайды. XVII ғасырға дейін салықтар жайпы барлық көзқарастар кездейсоқ сипатта болды, яғни ғылымдардың, ешқандай салаларында ешкім өзінше ғылым ретінде мойындамады.

Салықтардың теориялық негіздері тек ғылым ретінде тек XVII ғасырдан бастап қана қалыптасты және оның негізгі қатысушысы шотландиялық философ Адам Смит болды.

Қазіргі мемлекеттердің көптеген жақтары Ежелгі Римде пайда болды. Рим провинцияларында ең негізгі табыс көзі жер салығы болды. Оның орташа ставкасы жер иесіне табығының оннан бір бөлігін құрады. Салық салудың негізгі формалары да қолданылған, мысалы жеміс ағаштары және жүзімнің көлеміне салынатын салық.

Басқа да құндылықтарға салық салынатын қозғалмайтын мүлік, тірі инвентарь (ірі қара мал, сондай-ақ құлдар), құндылықтар.

Провинцияның әрбір тұрғыны бөріне ортақ жаңбасылық салықты төлеуі керек болды. Келесідей жаңама салықтар әрекет етті: айналышпен салық 1% ставка бойынша құл сату-сатып алу айналышына салынатын

салық 4% ставка бойынша және құлдарды босату салығы, олардың құнына 5 % бойынша.

Мұраға салынатын салық тек Рим тұрғындарына ғана салынады. Салық мақсатты сипатта болды. Алынған қаржылар мамандандырылған әскерді зейнеткермен қамтамасыз ету үшін жұмсалған.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында адам қоғамында ірі қалалар үлкен рөл атқара бастады. Сол ірі қалалардың табыстары неден құралды? Мысалы: Мәскеу қаласындағы 1890-1891 жж. салықтық түсімдер барлық табыстардың 80 %-тін қамтамасыз етті. Ал егерде негізгі кәсіпорындар мен қалалық ғимараттың алымдарын қосатын болсақ, онда ол барлық табыстың 70-75 % құрайды. Тікелей салықтар барлық табыстың 57% құрады. Тікелей салықтардың ішіндегі ең негізгісі қозғалмайтын мүлікке салынатын салық болды. Айтылған кезең аралығында ол 9% ставка бойынша алынды. 1890 жылы салықтың бұл түрі 4,14 млн. тікелей салықтардың ішінен 2,3 млн.руб. болды. Бұл өсім салық ставкасының жоғарлауын немесе қозғалмайтын мүліктің тез өсуіне емес, Мәскеу қалалық басқармасындағы қозғалмайтын мүлікті қайта бағалауға байланысты болды.

Далыған мемлекеттерде капиталға және меншікке салық салу келесі салық топтары арқылы жүзеге асырылады: жеке өлауқат салығы, мұрагерлікке және сыйға салық салынатын, капитал өсімін салық, мүліктің нақтылай түрлеріне салынатын салық (жерге, құрылысқа).

Мұрагерліктен салық – бұл мұраға алу құқығы бойынша жаңа иегерге өтетін мүлікке салынатын салық (жыпжыттын және жыпжымайтын). Сыйға салынатын салық – бұл меншік иесінен екіншісіне сый түрінде өтетін мүлікке салынатын салық (жыпжыттын немесе жыпжымайтын).

Көптеген елдерде салықтың бұл түрлері жеке –жеке әрекет етеді, ал кейбір мемлекеттерде мұрагерлікке және сыйға салынатын салық бір салық ретінде қарастырылған. Бірақ, бірінші жағдайда салықтар ереже бойынша жалпы нормалармен реттеледі және салық ставкалары мен салық салынатын соманы анықтау тәртібі бірдей.

Барлық дамыған мемлекеттерде мұрагерлік және сыйға салынатын салық орталық (федералды) деңгейде жүзеге асырылады. Барлық мемлекеттерде мұрагерлікке және сыйға салық салу ставкалары күрделі прогрессия бойынша қалыптасады. Мұрагерлер мен сый алушылар туыстық деңгейіне байланысты топтарға бөлінеді (I-тікелей мұрагер, II-ерлі-зайыптылар, III- ағалары мен қарындастары, іні, әпкелері, IV-алыс туысқандары және тағы да басқа). Әрбір топқа салық ставкаларының жүйесі белгіленген. Салықтық класқа салық салу сомасы көлемі де тәуелді.

Қаржы дағдарысының ел экономикасының өсерін кемітуіне үл жеткізетін қиып, жинақталып қалған мәселелерді шешуді қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қажет. Салық салу осы мәселені ретке келтіру үшін мемлекеттің қолданатын аспаптарының бірі.

## 1.2. Шаруашылық іс-әрекеттеріндегі салықтардың экономикалық мәні және маңызы

Экономиканың қазіргі жағдайында орталықтандырылған қаржы ресурстары мемлекетке қоғамдық өндіріс қарқынын қамтамасыз ететін салалық және аумақтық құрылымдар құрып, ірі әлеуметтік өзгерістер жүргізуге мүмкіндік береді. Орталықтан бөлінетін қаржының көмегімен қаражат экономиканың басты аймақтарына шоғырланып, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сөйтіп, құндық бөліністің айырғыша бөлігі ретінде "Мемлекеттік бюджет" айырғыша қоғамдық арналымды жалпы мемлекеттік қажеттерді қанағаттандыруға қызмет етеді.

Бюджеттің шығысы Қазақстан республикасының халықтарын әлеуметтік, экономикалық қорғау мақсатында жұмсалады.

Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-әрекеттегі қызметкерлер мен жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық қорғалуы, еліміздің қорғаныс қызметіндегі іш-шаралардың жүзеге асырылуы осы экономикалық категория ретінде көрінетін бюджетке байланысты.

Қазақстан Республикасының бюджетінің кірісіндегі бюджетке төленетін салықтар мен басқа да төлемдерден құралады. Яғни:

### Салықтар:

- корпоративтік табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- қосылған құн салығы;
- акциздер;
- жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері;
- әлеуметтік салық;
- жер салығы;
- көлік құралдары салығы;
- мүлік салығынан тұрады.

Міне осы жоғарыдағы аталған салықтар, алымдар, төлемақылар мен мемлекеттік баж және кеден төлемдері бюджеттің кіріс бөлігін құрайды.

Салық – құрылған және анықталған заңмен белгіленген тәртіп бойынша, мемлекет пайдасына алым алу, бұл алым шаруашылық субъекті табысының бір бөлігі.

Салықтың мәні мағынада: салық, салық төлеушіге мемлекет тарапынан көрсетілген қызмет көрсетуінен түскен пайдаға пропорционалды болуы тиіс. Екіншіден, салықтың мәні салық табыс мөлшеріне байланысты. Мемлекет салықтардың экономикасы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Сонымен салықтардың қажеттілігін қоғамдық дамудың жағдайына байланысты анықталып отырады.

Ал салықтардың экономикалық маңызы олардың қызметіне тікелей қатысты.

Дүниежүзілік тәжірибе бойынша салықтардың бірнеше қызметтері бар: фискалдық функция; бөлу функциясы; реттеушілік функциясы; бақылау функциясы; қолдау және мадақтау функциясы.

Салықтардың фискалды немесе бюджеттік қызметі ең негізгі қызмет болып табылады. Бұл қызметі арқылы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлімі құрылып, салықтардың қоғамдық міндеті артады. Себебі, салықтар мемлекеттік бюджеттің кірісін топтастыра отырып, әлеуметтік әскери қорғаныс, тағы да басқа шаралардың іске асуын қамтамасыз етеді. Жалпы "Фискон" латын сөзі, қазақша "Себет" деген мағынаны білдіреді.

Бөлу қызметі - салықтардың көмегімен мемлекеттің қоғамдық табысты халықтың әртүрлі топтары арасында бөлінуін айтамыз. Бөлу функциясының жүзеге асыруындағы салықтарға прогрессивті салық ставкалары және тағы да басқалар жатады.

Салықтардың реттеушілік қызметі арқылы салықтар ел экономикасына өз ықпалын тигізеді, яғни салықтық реттеу жүзеге асырылады. Салықтық реттеудің ең басты маңызы өндірістің дамуына ықпал ету. Салық түрлері, салық ставкалары, салық жеңілдіктері, салық салу әдістері салықтық реттеудің тетіктері болып саналды.

Жоғарыда аталған салықтық реттеудің тетіктері тек қана өндірістің дамуын реттеп қана қоймайды. Сонымен қатар ақша және баға саясаты, шетелдік инвесторлары ынталандыру, шағын және кіші кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын жүзеге асырады. Салықтық реттеу тетіктері тиімді қызмет атқару үшін олардың басқа да экономикалық тетіктерімен тығыз байланысты болуы қажет. Салықтық реттеуде салық ставкалары мен салық жеңілдіктерінің алатын орны ерекше себебі ықпалы негізделмеген шектен тыс жоғары қойылған ставкалары кәсіпкерлердің ынтасын төмендетіп, өндірістік қарқынын бәсеңдетті, ал шектен тыс төмен қойылған ставкалар салық төлеушілердің жауапкершілігін азайтып өндірістің төмендеуіне және мемлекеттің бюджет кірісінің азайуына әкеліп соқтырды. Реттеушілік қызметі екі функциядан тұрады:

- ынталандыру- мемлекетке тиімді өндірістерді салық ставкасын төмендету немесе жеңілдіктер беру арқылы дамуына немесе кеңеюіне жағдай жасау;
- шектеу-мемлекетке тиімсіз кәсіпорындарды салық ставкаларын жоғарлату арқылы дамуына, кеңеюіне шектеу жасау.

Бақылау қызметі салықтардың көмегімен мемлекет салық төлеуші заңды және жеке тұлғалардың кез келген қайнар көздерінен алынған табыстарына, жемсауған шығындарына, айналысатын шаруашылық қызметіне бақылау жасап отыруы болып табылады. Бұл қызмет салықтық декларация арқылы жүзеге асырылады.

Қолдау немесе мадақтау қызметі: Кез –келген мемлекетті қоғам алдына ерекше еңбегі сіңген азаматтар категориялары бар. Бұл азаматтарға мемлекет қандай жағдай болмасын қолдау жасап отыруы қажет. Бұл қолдау қызметі салықтық жеңілдіктер және салықтан толық босатулар арқылы

жүзеге асырылады (енбелері, ұлы Отан соғысының ардагерлері, көп балалы аналар). Мемлекет үшін жоғарыда көрсетілген салықтардың қызметін пайдалана отырып еліміздің салық жүйесін анықтайды. Салық механизмінің қызмет ету жолдарын белгілейді. Жалпы экономикалық саясатты негізге ала отырып, салық саясатын анықтайды.

Салықтар мен салық салу жүйесі өзара қарым-қатынастағы әртүрлі элементтен тұрады. Бұл салықтың элементтеріне келесілер жағады.

- салық объектісі-табыс, мүлік, еңбек ету түрі, қызмет көрсету, ақшамен жасалатын операциялар, табиғи қорларды пайдалану, қосылған құн, айналым және тағы да басқалар;
- салық субъектісі заң бойынша салық төлеу міндеті жүктелген жеке заңды тұлғалар;
- салық кезі-салық салынатын табыс;
- салық ставкасы өлшем бірліктен алынатын салық мөлшері.

Ставкилар тұрақты және проценттік болып бөлінеді.

Тұрақты ставкалар салық объектісінен түсетін табыстың мөлшеріне байланыссыз өлшем бірлігіне тұрақты соммен тағайындалады.

Ал проценттік ставкилар 3 түрге бөлінеді:

- үдемелі немесе прогрессивті ставкилар салық салынатын табыстың өсуіне сәйкес ұдайы, үдей өсіп отырады;
- регрессивті ставкилар керісінше, салық салынатын табыстың төмендеуіне сәйкес азайып отырады;
- пропорционалды ставкилар салық салу объектісінің мөлшеріне байланыссыз тұрақты 1%-пен тағайындалады;
- салық оқлады салық төлеушінің белгілі-бір салық объектісіне төлейтін салық сомасы;
- салық жеңілдіктері заңға сәйкес салық төлеушіні біртіндеп немесе салық төлеуден түгел босату. Салық жеңілдіктеріне салықтан босатылатын, салық салынбайтын міндетті шегерістер, салық ставкасын төмендету, салық төлеу мерзімін ұзарту жағады;
- салық төлеу мерзімі-салық төленетін уақыт;
- салық төлеу тәртібі белгілі-бір мерзімде салықты төлер кезінде, алдымен бюджетке қандай салықтар төлеу керектігін, яғни төлеу кезінде белгілі-бір дәйектілікті белгілейді. Салық төлеудегі дәйектілік заң жүзінде бекітіледі де, келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) Барлық мүлікке салынатын салық төленеді, содан кейін акциздар мен бақ салығы төленеді;
- 2) Жергілікті салықтар мен алымдар;
- 3) Басқа да салықтар мен алымдар төленеді.
- 4) Салық төлеушілер мен салық қызметі органдарының құқықтығы мен міндеттері-салық заңдары арқылы белгіленеді және реттеледі.
- 5) Салықтың төленуін бақылау және салық заңдарын бұзғаны үшін белгіленетін салықтық жазалар.

Кез-келген мемлекетке салықтардың көп түрлі болуына байланысты олардың белгілеріне қарай салықтарды келесідей түрде жіктейміз:

- салық салу әдісі бойынша;
- салық төлеуші субъектіге байланысты;
- салықтардың бюджетке аударылуына қарай;
- салықтардың бағытты мақсатарына қарай.

Салық салу әдісі бойынша салықтарды тікелей және жанама түрге бөлеміз.

Тікелей салықтар – тікелей салық төлеушіден немесе тікелей табыстан, мүліктен ұсталынатын салық болып табылады. Тікелей салық табыс алушыларға мүлік келеріне, тікелей салықна береді.

Тікелей салық:

- халықтың табыс салығы;
- кәсіпорын табысына салық;
- капитал өсіміне салық;
- мүрагерлік пен сыйға тартуға;
- мүлдіктік салық.

Тікелей салықтардың өзі нақты және жеке салықтарға бөлінеді.

Нақты салықтар – салық төлеушіден емес салық төлеушінің табысы мен мүліктен ұсталынатын салық болып табылады.

Жеке салық халықтың жеке табысынан ұсталынатын салық жатады.

Тікелей салықтың ең басты артықшылығы болып, егер де мемлекетте экономикалық кризис болмаса тікелей салықтар мемлекеттің қазынасына тұрақты және ұлғаймалы түрдегі салық мөлшерін әкеліп отырады.

Ал кемшілігі болып тікелей салықтар бойынша жеңілдіктер заңсыз түрде қолданылуына мүмкіндіктердің көп болуы.

Жанама салықтар салықтың-соңғы тұтынушыға ауысуы арқылы жүргізілетін салықтар немесе бағаға үстеме түрінде жүргізілетін салықтар. Жанама салық тауарды тұтыну немесе сату кезінде салынады. Бұларға акциздер, қосылған құн салығы және кеден баж салығы.

Жанама салықтардың өзі индивидуальді жанама салықтар, әмбебап және фискальді монополиялы жанама салықтар түрінде бөлінеді.

Индивидуальді жанама салықтарға – акциз салығы жатады.

Әмбебап жанама салықтарға – қосылған құн салығы жатады.

Фискальді монополиялы жанама салыққа баяғы кеңес одағына әрекет еткен айналым салығы жатады.

Жанама салықтардың қолданылуында ең басты кемшілігі болып тауарлардың құнының және көрсетілген қызметтердің құнының, бағасының өсіп кетуі табылады.

Ал жанама салықтардың ең басты артықшылығы салық төлеушілердің салықты төлеуден жалтарудың ешқандай мүмкіндігінің болмауы.

1. Салық төлеуші субъектіге байланысты салықтар келесідей түрге бөлінеді.

а) Жеке тұлғалар төлейтін салықтар.

ә) Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер, яғни заңды тұлғалар төлеугін салықтар.

2. Салықтардың бюджетке аударылуына қарай салықтар:

а) Жалпы мемлекеттік салықтар;

ә) Жергілікті салықтар;

б) Регионалды салықтар болып бөлінеді.

3. Салықтардың бағытты мақсаттарына қарай салықтар жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы салықтар мемлекеттік бюджеттің жалпы қалыптасуы үшін пайдаланылса, арнайы салықтар мемлекеттің белгілі бір шығындарын қаржыландыру үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесін мемлекет пен және заңды тұлғалар арасындағы қаржы қатынастарының жиынтығы, салықтар мен алымдар, салық салу әдістері мен тәсілдері, салық заңдары мен салыққа қатысты актілер, салық салу органдары мен салық қызметі құрайды.

Салық жүйесі мемлекет қаржы көздерін жасақтаудың ең негізгі құралы болуымен қатар, ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен іске асуына мүмкіндік туғызды.

Салық жүйесі нарықтық қатынастардың құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан бастап қоғамның қажеттілігіне жауап беретін өз салық жүйесін қабылдауы қажет болды. Осыған байланысты 1991 жылы 25 желтоқсанда ең алғашқы "Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы заңы" қабылданды.

Кез-келген елдің салық жүйесі таңдалған салық салу объектісіне табыстарға немесе шығындарға тәуелді болады. Нарықтық экономикасы тұрақты және өнеркәсібі дамыған елдер үшін салық салу объектісі ретінде табысты ерекше қолдану моделін пайдалану тән. Ал етпелі кезеңдегі, яғни дағдарыстық жағдайдағы, оның есесіне салық салынатын базасы тар Қазақстан мемлекеті салық салу объектісі ретінде шығындарды қолданады. Сонымен бірінші жағдайда белсенділік түрде тікелей салықтар, ал екінші жағдайда жанама салықтар қолданылады.

### **1.3. Шаруашылық іс-әрекеттерін ретлеудегі Қазақстан**

#### **Республикасының салық саясаты**

іргенішті ірі мемлекеттердің экономикалық даму деңгейлері олардың жан-жақты жетілдірілген, тиімді де, қолданбалы салық заңдары жүйесіне – "күшті салық заңы – күшті мемлекет" қағидасына байланысты екені белгілі.

Демек, еліміздің экономикасын дамытудың басты тетіктерінің бірі – салық саясаты.

Еліміз экономикалық дамудың нарықтық бағытына бет алған кезеңнен бастап-ақ Республика Президенті салық мәселесіне үлкен маңыз берген еді. Үйткені, бұрынғы Кеңестік жоспарлы экономиканың салық

жүйесі нарықтық қатынастар заңдылықтары талабынан шыға алмады. Бұл заңды да құбылыс. Қайта құру кезінде салық жыл сайын, кейде жалпы шаруашылығындағы күрделі дағдарыстар мен әр түрлі әлеуметтік орталардың қысымына байланысты, жылына бірнеше реттен де өзгеріске ұшырап отырады. Түрлері көбейіп, мөлшері, мерзімі сан әрлі құбылып, қайшылықтарға түскен салық ережелері салық төлеушілердің де мүддесін қорғаудан қалды.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына егеменді мемлекет болған жерде шұғыл мерзім ішінде дербес экономикалық реформалар жасау міндеті алда тұрды. Сондай ірі өзгерістер енгізетін экономиканың басты тармағының бірі- салық жүйесі болып саналды. Осы мақсатта Салық кодексі дайындалып, қабылданды. Мұндай саяси – экономикалық мәні зор заңды құжатты жасап шығуға Мемлекеттің салық комитетінің мамандары, заң қызметкерлері мен шетелдік сарапшылар зор күш салды. Демек, бұл заң қабылдаудан бұрын үлкен сарапқа түсті деген сөз. Республикамызда Салық кодексі тұңғыш рет қабылданды отыр. Ең бастысы, алдымызда үлкен бағыт бар. Екіншіден, салық түрлері бұрынғыдан да азайды.

Салық кодексінің қабылдаудағы басты мақсат – салық төлеушілерге түсіп отырған қысымды төмендету, салық қатынастарын реттеу, бюджеттің табысты бөлімін қалтамасыз ету. Яғни, заңды қолдану барысында алғашында кемшіліктер болды. Дегенмен, бұл заң республикамыздың салық қызметінің халықаралық қағидаларға көшуіне негізгі себеп болады деген сенім бар. Халықаралық нәтижелерге сүйенсек, нарықтық қатынастарға көшкен әрбір елде де осындай заң қабылданған. Бұл салық жүйесін жетілдірудің бірден-бір жолы.

Барлық деңгейдегі бюджеттерге салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түсімін арттыру, мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық өзара қатынастардағы мүдделерінің тепе-теңдігіне қол жеткізуге жақындай түсу, салық салу жүйесінде әділеттікке қол жеткізу мақсатында мынадай іс-шаралар:

- салық заңдарын салық салудың тәртібін оңайлатуға бағытталған жетілдіру, қазіргі кезде қолданылып жүрген жеңілдіктерді ретке келтіру, салық салудың тетігі жөніндегі, сондай-ақ экономиканың нақты секторын дамытуды ынталандыруға арналған қолданылып жүрген жекелеген ережелерді нақтылау;
- ақпараттық өнімдер бойынша, оның ішінде алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы салық түсімдерінің толықтығын қалтамасыз ету, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік реттеуді енгізу;
- салық салу мақсаты үшін жыпсымайтын мүлктің құнын айқындаудың тәртібін жетілдіру;

- капиталды ресми емес экономиканың аясынан шығару үшін жағдай жасау, кәсіпкерлік қызметпен заңсыз айналысқаны және салық салу объектілерін жасырғаны үшін жауаптылықты күшейту;
- алымдар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты жүргізілетін өзгерістер мен толықтыруды шектеу жолымен фискальдық саясаттың тұрақтылығын сақтау салық саясатының басым бағыттары болып айқындалды.

Салық заңдары нормаларының бір тұрғыда түсіндірілуін қамтамасыз ету, оны салық төлеушілердің қолдануын оңайлату, сондай-ақ салық тәртібін сақтаудың деңгейін арттыру мақсатында 2000 жылы Ұкімет Парламентке салық жөніндегі барлық нормативтік актілердің ережелері біріктірілген жаңа Салық кодексін енгізді.

Жаңа салық заңдарында салық салудың базасын кеңейту үшін мынадай шаралар: келешекте салықтық қондырғыларды тоқтату және салықтар бойынша жеңілдіктерді қысқарту, ІІС-ты жасау үшін тіркеуге арналған бастапқы мәнге қайтып оралу; заңды тұлғалардан алынатын салыққа бизнеске қатысы бойынша неғұрлым ынталандырушы сипат беру; жеке адамдардан табыс салығын алу кезінде әділдік пен теңдікті күшейту және басқалар сияқты шаралар көрініс табатын болады.

Ұкімет Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне қатысты жаңа салықтар алу мәселелерінде халықаралық стандарттарға көшудің тетігін әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастырады. ТМД елдерімен саудада жаңа салықтар алу кезінде арналған елдің принциптерін іске асыру отандық тауарлар өндірушілердің экспорттық әлеуетін арттырады.

Салық әкімгерлігін жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастыратын болады: ірі салық төлеушілермен жұмыстың тиімділігі артады; салық төлеушілердің декларацияларды толтыруына қойылатын талап оңайлатылады; салық инспекцияларын дайындаудың тәрменді бағдарламасы қалыптастырылады; Кірістерге қос салық салудан қашу туралы конвенцияны қолдану жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірленеді.

Трансферттік бағалар мен аффилирлендірілген компаниялар-ды бақылаудың тетіктерін енгізу үшін құқықтық база әзірленетін болады. Ол экспорттық өнімдерді төмендетілген бағалармен сату, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнын жасауды көтеру, шикізат пен материалдарды көтерінді бағалар бойынша сатып алу практикасын болдырмау мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Ұкіметі бағалау қызметін жүзеге асыру, нарықтық құн немесе бағалау объектісінің өзге де құнын белгілеу меншік нысандарына қарамастан бағалау қызметіне қатысушы субъектілердің құқықтары мен міндеттерін айқындау кезінде пайда болатын қатынастарды реттеу көзделетін “Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы” Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуде.

Сауда мен қызмет көрсету саласында шағын және орта бизнестің субъектілеріне салық салудың белгіленген нысандарын қолдану салықтық әкімшіліктендірудің сапасын арттыру мен көрсетілген салада шағын және

орта бизнесті дамыту үшін жағдайларды жақсартудың арасындағы тәуелсіздікті табуға мүмкіндік береді. Ақыры соңында ол мемлекеттік бюджетке түсімдерді әкеледі.

Мемлекет тәуелсіздігінің ең басты шарттарының бірі дербес салық саясаты болып табылатындығы баршаға аян. Егемендік қолға алған алғашқы күндерден – ақ салық қызметіне басты назар аударылғандығы да сондықтан болатын.

Қай кезде болмасын кез-келген елдің қоғамдық әлеуеті мен тұрақтылығы, экономикалық дамуы мен өркендеуі салық жүйесінің іс-әрекетіне байланысты екені белгілі. Бүгінгі еліміздің тәуелсіздігімен бірге салға тұрған салық жүйесі іргелі де маңызды салаға айналған. Ізгі кезде мемлекеттің кіріс органы ретінде кең ауқымды қамтыған бұл жүйенің ел игілігі үшін атқарып жатқан істері қашанда айтуға тұрарлық, айтылып та жатыр.

Ең алғашқы салық саясаты қаланған кезде, кәсіпкерлік және кәсіпорындардың дербес экономикалық саясаты қалыптасты, қоғамдағы нарық механизмінің негіздерін ұсынуға қол жеткізілді. Сол кезде жоғары білікті қызметкерлер жеткіліксіз еді және бұл салық қатынастарын реттеп отыратын қолданыстағы заңдардың жүйесінен де айқын көрінді. Тіпті, салық заңдарының өзінен де көптеген қарама-қайшылықтар кездесіп жатты.

Сондай-ақ, аталмыш кезеңді жаңа экономикалық қатынастардың енді-енді қалыптасып жатуымен және салық органы қызметкерлерінің сол уақыттағы экономикалық санаттардың мазмұнын жете түсінбегенмен, тіпті оны іс-жүзінде дұрыс қолдана алмағандығымен сипаттауға болады.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығы салық жүйелері мен салық саясатын қалыптастырудың базалық принциптерін негіздеп берді. Мұнда салық органдарының ұғымдары, салық өзара қарым-қатынастардың негіздері айқындалып қана қоймай, біріншай салық саясатын қалыптастырудың іргетасы қаланды. Сол жылдан бастап Салық кодексі әзірлене бастаған кезге дейінгі уақыт ішінде жалпы салық қызметінде жетіспей жатқан тұстарды толықтыру мен алға қойылған басымдықтарды дамыту мақсатында бұрыннан қолданыста жүрген тәжірибелерді жүйелендіру жұмыстары жүргізіліп келді.

Ал бүгінгі таңда кемеіне келген еліміздің қазыналық органдарын салық заңының орындалуына бақылау жасайтын мемлекеттік жүйе болып қалыптасты деп айтуға болады.

Жалпы осы уақыттардың ішінде қоғамда, ел экономикасында болған көптеген өзгерістер, оның ішінде салық саясатындағы елеулі бетбұрыстар жаңа салық заңын – Салық кодексін әзірлеудің қажеттігін тудырды. 1995 жылы жарық көрген "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңдағы ұстамдық үлгі салық салудың халықаралық принциптеріне негізделген болатын. Тұтас алғанда, соңғы 32 жылдың ішінде

әлемдік тәжірибеде салық құқығы, салық жүйесі және салық заңдары туралы жалпы түсінік қалыптастырылды. Қазір дүние жүзі бойынша салық заңдары бір ізге түсіп жатыр. Мысалы, қосылған құн салығының халықаралық салық деп айтуға толық негіз бар. Сондай-ақ, әр жерде өзінің ерекшелігі болғанымен, корпоративті табыс салығын салу принциптері де дүние жүзінде бір-біріне жақын. Сол 1995 жылы халықаралық сарапшылардың жүргізген жұмыстары да салық салудың халықаралық принциптерінің тәжірибеге енуіне үлкен ықпал етті. Яғни, көбінесе қосылған құн салығын өндіріп алу принциптеріне көшкен кезде әдістемелік тұрғыдан айтарлықтай шығындардың болғаны рас. Дегенмен, осының өзінде алға басушылық болды. Үйткені айналымға салынатын салық алынып тасталынды, салық салу әдістемесінің өзі оңайландырылып, алға қарай түбегейлі қадам жасалынды, яғни, кірістерді оңтайлы жолмен есептеуге қол жеткізілді. Бұл салық заңдарын жетілдеткен басты қадам еді. 1995 жылдан бастап экономикалық құрылымдары өзгерді, ең бастысы - экономика тепе-теңсізлік болып тұрған кезде біріздендірілген нормалардың әртүрлі секторларға, әсіресе, жоғары инфляция жағдайында түрліше әсер ететіндігіне көз жетті.

Біз салық заңын әлемдік Салық кодексінің үлгісі жетіліп келе жатқанда, өте қорықпай негізде қалыптастыра бастадық. Салық салу жүйесіндегі әлемдік тәжірибелерді пайдаландық. Бұл тұрғыдан алғанда іргелі принциптердің бірі - Салық кодексі мүлкіндігінше оңай және өмірдің барлық жағдайлары үшін ең төмен салық нормаларын ұстануы қажет. Жаңа Салық кодексі де осы талапқа сай барынша қарағайым үлгіде жасалды. Егер, бұрын заң шағын ғана болып және оған көптеген нұсқаулықтар қосылатын болса, енді заң көлемді және қандай жағдайда болса да салық заңының нормаларын бұрмаламай дұрыс түсіндіретін шағын көлемдегі нормативті база болды.

Егер, Қазақстан Республикасының Салық кодексін басқа елдердің заңдарымен салыстырсақ, неғұрлым жетілдірілген құжаттың дүниеге келгенін аңғару қиын емес. Мұнда экономиканың жекелеген секторларына, оның ішінде салық жеңілдігі түрінде емес, арнайы салық режимдерін құру жолымен бегілі қолдауды қажет ететін шағын бизнеске, аграрлық секторға, әлеуметтік салаға ерекше көңіл бөлінді. Салық кодексінде салық салудың халықаралық принциптеріне жақындау бар, бұл әлемдік экономикалық кеңістікке кіріту үшін жақсы негіз болмақ. Дегенмен, жалпы алғанда Салық кодексіне 1995 жылғы заңның басты негізі сақталды, өйткені қалай болғанда да сол заң арқылы біздің салықтық тәжірибеліз тонығысып, белгілі бір салықтық мәдениетіміз қалыптасты.

## II. Шаруашылық іс-әрекеттерін реттеудегі салық жөнілдіктері

### 2.1. Шаруашылық іс-әрекеттерін реттеудегі салық объектісі және салық салынбайтын айналым

Салық жүйесі – нарықтық қатынастардың құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан бастап қоғамның қажеттілігіне жауап беретін өз салық жүйесін қабылдауы қажет болды. Осыған байланысты 1991 жылы 25 желтоқсанда ең алғашқы “Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы заңы” қабылданды.

Кез-келген елдің салық жүйесі таңдалған салық салу объектісіне табыстарға немесе шығындарға тәуелді болады. Нарықтық экономикасы тұрақты және өнеркәсібі дамыған елдер үшін салық салу объектісі ретінде табысты ерекше қолдану моделін пайдалану тән. Ал өтпелі кезеңдегі, яғни дағдарыстық жағдайдағы, оның есесіне салық салынатын базасы тар Қазақстан мемлекеті салық салу объектісі ретінде шығындарды қолданады. Сонымен бірінші жағдайда белсенділік түрде тікелей салықтар, ал екінші жағдайда жанама салықтар қолданылады.

Салық объектісі-салық салу барысында мемлекет заң бойынша салық ұсталынатын объектіні көрсету қажет немесе салық салынатын барлық заттар, салық объектісіне жатады. Мысалы, мүлік, тауар, жер, табыс және тағы басқалар.

Салық субъектісі - заң-бойынша салық төлейтін салық төлеушілер немесе заңды және жеке тұлғалар. Салықтардың әрқайсысының объектілеріне тоқталайық.

Корпорациялық табыс салығын Қазақстан Республикасының тұрақты мекемелері арқылы немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар төлейді. Корпорациялық табыс салығының объектілеріне –салық салынатын табыс, төлем көзінен салық салынатын табыс, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың таза табысы жатады.

Салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлейді. Жеке табыс салығы салынатын объектілер: төлем көзінен салық салынатын табыстар, төлем көзінен салық салынбайтын табыстар жатады. Салық салынбайтын айналым:

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар және етемдер;
- балаларға және асырауындағы адамдарға алынатын алименттер;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызмақерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуіне немесе денсаулығының өзге де зақымдануына байланысты көптірілген зиянның орнын толтыру;
- жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің лицензиясы бар банктер мен банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы,

- мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигациялармен жасалған операциялардан түскен табыстар;
- әскери қызметтің барлық түрлеріне берілетін төлемдер;
- потеря, ұтыстар (5 айлық есептік көрсеткіш);
- қоғамдық жұмыстарды және кәсіби оқуарға байланысты төлемдер;
- гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (екбекақы түріндегі төлемдерден басқа);
- сапарлармен байланысты жағдайларда төленетін төлемдер (Қазақстан Республикасы аумағында);
- экологиялық аймақтарда зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғауда;
- мемлекет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер;
- айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген шегіндегі төлемдер;
- қызметтік іссапарлар кезінде төленетін өтемдер;
- Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмайтын дипломатиялық немесе консульдық қызметкерлердің ресми табыстары;
- шетелдің жеке тұлғаларының салық салынуға тиіс ресми табыстары;
- мемлекеттік орталықтан берілетін зейнетақы төлемдері;
- геологиялық –барлау, топографиялық –геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;
- мамандық бойынша және біліктілігін арттыруға бағытталған шығыстар;
- бала асырап алған ата-аналарға берілетін жәрдемақылар;
- мұраға, қайырымдылық түрінде алған мүліктің құн;
- мемлекет тарапынан белгіленген степендиялар;
- он алты жасқа толмаған балалардың демалыс жолдамалары;
- сақтандыру төлемдерінің сомалары;
- сот шешімі бойынша тағайындалған сомалар;
- зейнетақы жинағының сомалары.

Қосылған құн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және сарфтық айналысы процесінде қосылған, оларды есептеу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағ тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді. Салық салынатын айналым бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Қосылған құн салығының объектілері салық салынатын айналым, салық салынатын импорт.

Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы осы тауарларды импорттайтын заңды тұлғалар, олардың фирмалары мен өкілдіктері, жеке тұлғалар мен резидент еместер импортталатын тауарларға қосылған құнға салық төлеушілер болып табылады.

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстандық кеден кіріс алатын резидент еместер (Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратындардан басқа) сатқан кезде қосылған құнға салынатын салықты Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ аталған резидент еместермен есеп айырысуда Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер толық мөлшерде төлейді.

Салық салынатын айналымның мөлшері қолданылатын бағалар мен тарифтерге сүйеніп, оларға қосылған құнға салынатын салықты енгізбей, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны негізінде, бірақ сауда-делдалдық қызмет үшін оларды сатып алу бағасынан төмен болмайтындай етіп анықталады.

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) айырбастау кезінде немесе оларды етемсіз берген кезде салық салынатын айналым, айырбастау немесе беру кезінде салық төлеушілерде қалыптасатын қосылған құнға салынатын салықты оларға енгізбей, бағалар деңгейін негізге ала отырып, іс-жүзіндегі қалыптасқан шығындардан төмен болмайтындай етіп анықталады.

Берілген тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құнына жалақы мен басқа да төлемдер заңдай түрде төленген жағдайда, қосылған құнға салынатын салық сомасы негізделеді.

Егер тауарлар (жұмыстар, қызметтер) салық төлеушіге оның кәсіпкерлік мақсаты үшін жеткізілсе, бірақ салық төлеуші немесе өзге де тұлғалар жеке мақсаттарына етемсіз пайдаланған болса, онда мұндай тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны салық салынатын айналым ретінде қаралады. Негізгі құрал жабдықтарды қоса алғанда, тауарлар бүлінген, жойылған кезде (қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алу көзделмеген тауарларды, сондай-ақ табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда) осы тауарлардың құны салынатын салық айналым ретінде қарастырылады. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алу көзделмеген тауарларды бүлдірген, жоғалтқан кезде олардың есепке алу құны қосылған құнға салынатын салық салуға жатпайды. Тауарларды сауда-делдалдық қызмет бойынша экспортқа сатқан кезде сату бағасы мен сатып алу бағасының арасындағы айырма Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын осындай тауарларды сату кезінде қолданылатын ставкалар бойынша салық салуға жатады. Қосылған құнға салынатын салықты төлеуші таратылған жағдайда, оның тауарларының қалыдығы, оның ішінде есепке алу көзделген қосылған құнға салынатын салықпен

бірге бұрын сатып алынған негізгі құрал-жабдықтар бюджетпен есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қарастырылады. Қосылған құнға салынатын салықпен бірге бұрын сатып алынған қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке алу көзделмеген тауарларды сату кезінде салық салынатын айналым сатып алу құны мен есепке алу құнының арасындағы айырма түрінде табыс болып табылады. Бұл орайда есептеу құны деп тауарлардың баланстық құны түсініледі.

